

**"Зайсан қаласы бойынша коммуналдық қалдықтардың пайда болу және жинақталу нормаларын және коммуналдық қалдықтарды жинау, әкету, көму тарифтерін бекіту туралы" 2015 жылғы 29 қыркүйектегі № 38-6/3 Зайсан аудандық мәслихатының шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

### ***Күшін жойған***

Шығыс Қазақстан облысы Зайсан аудандық мәслихатының 2016 жылғы 10 маусымдағы № 3-5/2 шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 21 шілдеде № 4605 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Зайсан аудандық мәслихатының 2023 жылғы 22 маусымдағы № 01-02/VIII-6-6/4 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Зайсан аудандық мәслихатының 22.06.2023 № 01-02/VIII-6-6/4 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңының 6-бабының 1-тармағының 15) тармақшасына, 2007 жылғы 9 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің 19-1-бабының 2) тармақшасына сәйкес Зайсан ауданының мәслихаты **ШЕШТІ**:

1. "Зайсан қаласы бойынша коммуналдық қалдықтардың пайда болу және жинақталу нормаларын және коммуналдық қалдықтарды жинау, әкету, көму тарифтерін бекіту туралы" 2015 жылғы 29 қыркүйектегі № 38-6/3(нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 4190 нөмірімен тіркелген, аудандық "Достық" газетінде 2015 жылы 18 қарашада №93 санында жарияланған ) Зайсан аудандық мәслихатының шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:

шешімнің тақырыбы келесі редакцияда жазылсын:

"Зайсан қаласы бойынша коммуналдық қалдықтардың пайда болу және жинақталу нормаларын және тұрмыстық қатты қалдықтарды жинау, әкету, көму тарифтерін бекіту туралы";

шешімнің 2-тармағы келесі редакцияда жазылсын:

"2. Зайсан қаласы бойынша тұрмыстық қатты қалдықтарды жинау, әкету, көму тарифтері осы шешімге 2-қосымшаға сәйкес бекітілсін";

шешімнің 2-қосымшасының:

тақырыбы келесі редакцияда жазылсын:

"Зайсан қаласы бойынша тұрмыстық қатты қалдықтарды жинау, әкету, көму тарифтері";

кестесінің №1 жолының атауы келесі редакцияда жазылсын:

"Тұрмыстық қатты қалдықтарды жинау, әкету тарифтері";

кестесінің №2 жолының атауы келесі редакцияда жазылсын:

"Тұрмыстық қатты қалдықтарды көму тарифтері".

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы*

*Аудандық мәслихат хатшысы*

*Б.Булакпаев*

*Д.Ыдырышев*